

# Өзіндік даму психологиясы



9 - СЫНЫП

Педагог-психолог  
Мамбетова Ханзода Абдукадировна

## КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУ – АДАМ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМДАРДЫҢ БІРІ: МАМАНДЫҚТАР ӘЛЕМІНДЕ

- ▶ 1-тапсырма. *Суреттерден қандай мамандықтарды байқадыңыз?  
«Мамандықтың бәрі де қадірлі» дегенді қалай түсінесіз?*



**«Дифференциалды-диагностикалық сауалнама» (Е.А.Климов)**  
*Сізге ұнайтын іспен айналысуға мүмкіндік туды деп елестетейік,  
 екі қатар берілген іс-әрекеттің қайсысын таңдайсыз «А» не «Б»?*

р/с	А нұсқасы	Б нұсқасы
1	Жануарларды күту.	Құралдарды реттеу, оларды бақылап жұмыс істеу
2	Науқастарға көмектесіп, оларды емдеу	Кесте, сызбалар мен компьютерлік бағдарламаларды құру
3	Кітап иллюстрациялары мен ашықхаттарды қарастыру.	Өсімдіктің дамуын бақылау.
4	Материалдарды (ағаш, мата, металл, пластмасса және т.б) өңдеу	Тауарды тұтынушыға жеткізу, сату
5	Ғылыми-танымал кітаптарды, мақалаларды талқылау	Көркем әдеби кітаптарды (немесе пьеса, концерттерді) талқылау
6	Жануарлардың төлдерін өсіру (жануардың бір түрін)	Достарыңды (немесе кішкентайларды) бір әрекетті (еңбек, оқу, спорт) орындауға жаттықтыру
7	Суреттерді, бейнелерді көшіру.	Жүк көтергіштерді немесе транспортты (кранды, тракторды, теледидар пультін және т.б.) басқару
8	Адамдарға анықтамаларды, ақпараттарды түсіндіру	Көрмелерді сәндеу
9	Заттарды жөндеу	Мәтіндегі қателерді іздеу
10	Жануарларды емдеу.	Есептеу жұмыстарын орындау

## Сауалнаманың жалғасы

р/с	А нұсқасы	Б нұсқасы
11	Өсімдіктердің жаңа түрлерін шығару.	Өндірістік заттардың жаңа түрлерін құрастыру
12	Адамдар арасындағы ұрыс-керісті, кикілжіңді шешу.	Сызбалар мен кестелермен жұмыс
13	Шығармашылық әрекет топтарының жұмыстарын бақылау	Микробтар әлемін зерттеу
14	Медициналық аппараттарды реттеу	Адамдарға жарақат кезінде медициналық көмек беру
15	Нақты суреттемелер, құбылыстар жайлы есеп құрастыру	Құбылыстарды көркем әдеби түрде бейнелеу
16	Ауруханаларда лабораториялық анализдер жасау.	Науқастарды қабылдап, қарап олармен әңгімелелесіп, емдеу
17	Заттың бетін, мекеменің қабырғасын сырлау	Көлікті, құралдарды жинап құрастыру.
18	Құрдастарына немесе кішкентайларға мәдени саяхат ұйымдастыру	Концертке қатысу, сахнада ойнау
19	Сызба бойынша заттар жасау, құрастыру	Сызумен айналасу
20	Өсімдік ауруларымен күресу	Пернетақта құралдармен жұмыс жасау

## Нәтижелерін өңдеу және қорытындылау

Табиғат	Техника	Адам	Белгі	Шығармашыл бейне
1а	1б	2а	2б	3а
3б	4а	4б	5а	5б
6а		6б		7а
	7б	8а		8б
	9а		9б	
10а			10б	
11а	11б	12а	12б	13а
13б	14а	14б	15а	15б
16а		16б		17а
	17б	18а		18б
	19а		19б	
20а			20б	

Оң нәтиже бес баған бойынша тігінен саналады. Бірінші баған кәсіби саладағы мамандықтарға сай келеді «адам-табиғат», екінші баған - «адам -техника», үшінші баған - «адам-адам», төртінші баған - «адам-белгі» және бесінші баған - «адам-шығармашыл бейне»


Ең аз балл - 0, ең жоғары балл-8. Егер **0-2** балл болса, берілген кәсіп түріне қызығушылықтың жоқтығын аңғартады.

**3-6** балл болса, қызығушылық орта деңгейде, **7-8** балл кәсіби бағыт анық байқалынады.

# Әдістеме бойынша мамандық классификациясы

- ▶ **1.Адам-табиғат.** Мұнда [тірі ағзалар](#), өсімдіктер, жануарлар мен биологиялық үрдістер еңбек объектісі болады. Бұған агрономия, жеміс, көкөніс және жүзім шаруашылығы, фермерлік іс, агроэкология, агрохимия және өсімдіктерді қарғау, балық тағамдары мен май технологиясы т.б. мамандықтар кіреді.
- 2. Адам-техника.** Мұнда техникалық жүйелер, машиналар, аппараттар мен қондырғылар, материалдар мен энергия еңбек объектісі болады. Бұған байланыс желілері мен жалғау жүйелері, радиотехника, радиобайланыс, электромеханика, автоматика, телемеханика, металды қысыммен өңдеу т.б. мамандықтар кіреді.
- 3.Адам-адам.** Адамдар, топтар, ұжымдар еңбек объектісі болады. [Бұған емдеу ісі](#), педиатрия, медициналық-профилактикалық іс, стоматология, шығыс медицинасы, мейіркештік іс, формация, тарих және география мұғалімі, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі, музыка мұғалімі, педагог-психолог, заңгер, сатушы, тігінші, фотосуретші, кадрлар жөніндегі менеджер т.б. мамандықтар кіреді.
- 4.Адам-белгілеу жүйесі.** Олардың еңбек объектісі шартты белгілер, шифрлар, кодтар, кестелер. Бұған [экономикалық теория](#), статистика, маркетинг және коммерция, қаржы және несие, бухгалтерлік есеп және аудит, басқару мен ақпаратты өңдеудің компьютерлік жүйелері, қаржы агенті, корректор, биржа агенті, кеден ісі және т.б. мамандықтар.
- 5.Адам-көркем бейне.** Бұл адамдар еңбек объектісі көркемдік бейнелер жасау, олардың рөлі, элементтері мен ерекшеліктері. бұған музыкатану, аспапта [орындаушылық](#), режиссер, хореография, сценография, композиция, операторлық өнер, кескіндеме, графика, мүсін өнері, өнертану, көркемдік өнер, дизайн, актерлік өнер, дирижерлау, эстрада өнері, зергер, суретші және т.б. мамандықтар кіреді.

# Рефлексия *Сабақтан алған әсеріңізді эмоция және көңіл-күй түрлерімен белгілеңіз*



Тапсырмаларды орындап,  
психологиялық сабаққа  
қатысқаныңыз үшін  
**РАХМЕТ!**